

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

8. Тан дай бяньсай ши яньцзю луньвэнь сюаньши. Чжунго Тандай вэньсюэ сюэхуэй ди эрцзе няньхуэй (Танские пограничные песни. Материалы второй научной конференции Китайской ассоциации литературы). Ланьчжоу: Ганьсу шэн цзяюй чубаньшэ, 1987, с. 362.
9. Фицджеральд С. Ц. Китай. Краткая история культуры. СПб: «Евразия». 1998, с. 456 + илл.
10. Шефер Э. Золотые персики Самарканда. М.: «Наука», Гл. редакция восточной литературы. 1981, с. 608.

ӘОЖ: 811.581'373.43

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ НЕОЛОГИЗМДЕР

Исаев Әбілхан Үкібайұлы

abilkhan.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті Қытай филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Кез келген тіл үнемі жаңарып әрі дамып отырады, тілдің әсіресе ең серпінді өзгеріске ұшырайтын бөлігі болып лексика табылады. Тілдік сөздік қор мәдени, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өмірдің салаларында орын алып жатырған өзгерістерге өте сезімтал. Тіл дамуының бірден-бір себебі болып қоғамда орын алып жатырған өзгерістер болып табылады. Тіл өзгеріске ұшырап отырғанымен де, тілдегі ең айқын деген өзгерістер қиын-қыстаулы кезеңдерде орын алады. Қытай елінде ХХ ғасырдың соңында халық тағдыры мен ел экономикасының дамуында елеулі өзгерістер алып келген реформаларды өткізілді. Ашықтық саясаты сыртқы қатынастардың кеңеюіне, жаңа тұжырымдамалар мен сөздердің жаңа мағынасының қалыптасуына алып келді. Тілдің дамуына тек мемлекет тағдырында болып жатырған өзгерістер ғана емес, жалпы адамзат дамуында болған өзгерістер де үлкен ықпалын тигізеді. Осылайша, жаңа технологиялардың дамуымен жаңа сөздер мен терминдер қалыптасып, көп жағдайларда тілдің сөздік қорына етене сіңісіп кетеді. Мысалы, біздер үшін интернет-лексика енді таңғаларлық дүние болып есептелінбейді. Жыл сайын қытай тілінде жаңа 800-дей сөз пайда болады, олардың бірі аз уақыт қана қолданыста болып, кейін өз маңызын жойса, енді бірі бұқаралық қолданысқа мықтап енеді. Неологизмдер (新词语) – жалпы қолданыстағы сөздік қорға әлі ене қоймаған, ауызекі пайдаланылыста үйреншікті емес және сөйлеген кезде жаңашылдығы сезілетін жаңа сөздер. Неологизмдерге жоғарыда берілген анықтамадан оның жаңа сөз ретіндегі рөлі тек жаңашылдығы сезіліп жүрген кездерге дейін ғана сақталады. Күнделікті пайдаланылмаған сөздер пассивті сөздік қор болып есептеле бастайды, бірақ кейіннен жиірек қолданылып, белсенді сөздік қорға енеді.

Неологизмдердің түрлері

Жаңа лексиканың бірнеше түрлерін анықтап көрсетуге болады. Неологизмдерді жіктеудің түп негізінде оларды анықтап, баға беретін алуан түрлі критерийлер жатыр: 1) жаңа сөздердің пайда болу әдістері; 2) жаңа сөздердің пайда болу шарттары; 3) жаңа сөздердің жасалу мақсаттары. Бұл жіктеулерді анығырақ қарастырсақ:

1. Жаңа сөздердің пайда болу әдістері бойынша жіктелуі

Пайда болу әдістеріне байланысты неологизмдерді *лексикалық*, яғни өнімді үлгілер бойынша жасалынатын немесе өзге тілдерден енгізіліп, кірме сөз ретінде алынатын деп және *семантикалық*, яғни қолданыста бар сөздерге жаңа мағына үстеу арқылы пайда болатын сөздер деп бөледі. Лексикалық кірме сөздердің мысалдары: 咖啡 кофе, 可口可乐 кока-кола. Семантикалық кірме сөздердің мысалдары: 生活质量 «өмір сапасы», 维生素 витамин. Қазіргі кезде неологизмдерді жасаудың ең кең тараған әдістердің бірі – аббревиация (қысқартулар) пайдалану. Аббревиация мысалдары: RPWT (人品问题) шешілмейтін мәселе,

HSK (汉语 水平 考试 hànyǔshuǐpíngkǎoshì) қытай тілінен мемлекеттік емтихан, ММ (妹妹 mèimei) қарындасы, ВВ (宝贝 bǎobèi) баласы.

2. Неологизмдердің пайда болу шарттары бойынша жіктелуі

Пайда болу шарттарына байланысты неологизмдерді *жалпытілдік*, яғни жаңа түсініктер мен жаңа түйіндермен бірге қалыптасқан сөдер деп және *жеке-авторлық*, яғни қолданысқа анық бір тұлғалармен енгізілген сөздер деп жіктейді [1,17]. Жалпытілдік неологизмдердің мысалдары: 乌托邦 утопия, 的确良 дакрон. Сонымен қатар, неологизмдердің 2-тобына окказионализмдер (латын. occasionalis - кездейсоқ) деп аталатын, анық контекст негізінде пайда болатын лексикалық бірліктер де жатқызылады. Өзінің көркем мазмұны бойынша жеке-стилистикалық неологизмдер метафоралаға ұқсас болып келеді: осындай неологизмдердің қалыптасуының түп негізінде сөздердің жаңа мағынасын ашуға деген талпыныс, экономды тілдік әдістер арқылы мәнерлі кейпін үстеу жатыр. Ең жарқын, жаңа метафоралар сияқты жеке-стилистикалық неологизмдер де өздігінен ерекше және қайталанбас. Жаңа сөзді ойлап тапқан адам өз алдына бұл сөздің қолданысқа енгізілуін мақсат етіп қоймайды. Осы сөздердің негізгі мұраты – анық бір шығарманың контекстінде мәнерлі мағына үстеу. Жеке-авторлық неологизмдердің мысалдары: 秋水 qiūshuǐ «күзгі сулар», 秋波 qiūbō «күзгі толқындар» - әйелдің таза және айқын көздерінің поэтикалық, көркем бейнесі (送秋波 sòngqiūbō – жалбақтау, қылымсу, наздана қарау; сөбе-сөз аудармасы: күзгі толқындарды жіберу). «Таңсәрі алдында» атты Мао Дунның романында да 脸的海 (liǎndehǎi) теңіз-беті деген метафораны кездестіреміз [2, 40].

3. Неологизмдердің жасалу мақсаттарына қарай жіктелуі

Жасалу мақсаттарына, тілде пайдаланылуына байланысты неологизмдерді *атаулы* және *стилистикалық* деп бөлуге болады. Атаулы неологизмдер тілде номинативтік функцияны атқарады, ал стилистикалық неологизмдер қолданыста бар сөздерге жаңа бейнелі сипат үстейді. Атаулы неологизмдердің синонимдері болмайды. Атаулы неологизмдердің көп бөлігі – ғылыми лексиканы тұрақты түрде толықтырып отыратын және кейіннен бұқаралық қолданысқа ие бола алатын жоғары мамандандырылған терминдер.[3,78] Атаулы неологизмдерге мыналар мысал бола алады: 淋巴 лимфа, 托拉斯 трест (сенім). Стилистикалық неологизмдер қолданыстағы сөздердің бейнелі атауларын жасайды. Стилистикалық неологизмдердің синонимдері бар, алайда синонимдері интенсивті-экспрессивті сипаты жағынан төменірек болып келеді. Аталмыш неологизмдердің тілде жиі пайдаланылуы оларды белсенді тілдік сөздік қорға ендіреді, олардың стилистикалық сипатын әлсіретеді. Стилистикалық неологизмдерге мысалдар: 河流 өзен, 礼拜天 жексенбі.

Неологизмдерді жасаудың негізгі әдістері

Көптеген жаңа сөздер фонетикалық кірме сөздер болып табылады. 80 жж. қытай тілінде бар 出租车 («жалға алынған автокөлік») сөзімен қатар 的士 «такси» сөзі пайдаланыла бастады. Бұл ағылшын тілінің «taxi» сөзінің қытай тілі әдістері арқылы жеткізілген фонетикалық кірме сөзі еді. 公共汽车 «мемлекеттік (көп орынды) автокөлік», «автобус» сөзі 巴士 (ағыл. bus) фонетикалық кірме сөзбен алмастырылып жатыр.

Неологизмдер семантикалық сөзжасам арқылы да жасалынуы мүмкін. Мысалы: 希望小学 «үміт мектебі» (бастауыш мектепте білім алып жатырған өте кедей, сауатсыз балалардың кедейліктен арылу үміті); 绿色食品 аббревиацияның барлық түрлерінің қарқынды дамуы бар: 电大: 电视大学 «теледидардық университет»; 高干: 高级干部 «жоғарғы жетекшілік кеңес». Толық атаулар сияқты қысқартылған сөздер де қоғам өміріндегі жаңа өзгерістер туралы толық және тыңғылықты ақпарат береді. Олардың пайда болу себебі – тілдік құралдардың экономиясына деген тенденция. Алғашқы кезде қысқартылған сөздер қолданыста бар сөздердің екінші атауы рөлін ойнаса, кейіннен сол бір заттардың мүмкін болатын жалғыз атауындай қалады. Неологизмдердің көп бөлігін «пиньинь» қытай морфемаларының фонетикалық транскрипциясының алғашқы әріптері аббревиатуралары

құрайды. Мысалы: BC – (baichi) ақымақ, JS – (jianshang) спекулянт. Шеттілдердің қысқартылған сөздері де қытай тілінің сөздік қолданысына еніп жатыр, мысалы: QC – quality control. Лексикадағы шетелдік сөздердің көптігі соншалық оны қытай тіліне аударып үлгеру мүмкін болмай жатыр, сондықтан тілге В үлгісінде енгізу әдісі бар: 超 «ультрадыбыстық зерттеу», 托福 TOEFL (Teach of English as foreign language) «студенттердің ағылшын тілінен емтиханы». Бұл – қытай тілінде сөздердің ерекше нысанда пайдаланылуының үлгісі. Олар сөзбе-сөз аударуға келмейді. Бірақ, олардың түп мағынасын анық жеткізудің әдісі әлі де табылмады.

Қазіргі қытай лексикасының дамуы

Неологизмдердің көпшілік бөлігі – туынды сөздер. Жаңа фонетикалық құрылым жасағаннан гөрі қолданыста бар үлгілер мен лексемаларды пайдаланған әлдеқайда жеңіл. Жаңа сөздердің көп бөлігі – көпбуынды, бұл дегеніміз – тіл жаңа бірліктерді қалыптастырғаннан гөрі қолданыстағы тілдік элементтерден құрамдас бөлік жасауға кеңінен жүгінеді. 2000 неологизмнің тек 28 ғана - бір буынды сөздер, бұл «Қытай тілінің неологизмдер сөздігі (2005-2010)» лексикасының тек 1,4%-ын құрайды; оның 1152 сөзі – екі буынды (57,6%-ы) және қалғаны (41%) [4, 97]. Осының негізінде фразеологиялық сипаттағы тұрақты сөз тіркестері қалыптаса бастайды. Мысалы: 快餐 «фаст-фуд», «минуттық»; 方便面 «тез арада дайын болатын кеспе». Бірбуынды жаңа лексиканың көпшілігі интернет-лексика болып табылады. Мысалы: 表 – қажеті жоқ, керегі жоқ; 躲 – толықтай төменгі ақырға жету. Көптеген неологизмдер қоғаммен қабылданып қойған, бұл сөздер «өмір сүру» құқығына ие болып, жаңа сөздер сөздігіне енгізіліп қойды. Алайда, жалпы бұқаралық қолданысқа ие болған соң бұл неологизмдер жаңа сөз болудан қалады. Неологизмдердің көп бөлігі қоғамдық қызметкерлермен, жазушылармен, журналисттермен енгізілді. Әдетте оларды окказионализмдер деп атайды. Интернетте қолданылатын лексика кеңінен дамып жатыр: 网 «интернет желісі»; 上网 «интернет желісіне қосу»; 你 上网 了吗 «сен желіге енгізілдің бе?».

Неологизмдер қытай тілінде қабылданған лексикалық үйлесімділік нормаларына кереғар емес. Сондықтан, олардың ішкі формасы анық және есте сақтауға жеңіл. Мысалы: 丰产田 «жоғары өнімді аймақ» (丰 «бай», 产 «өндіретін», 田 «аймақ»); 晒图紙 «көк басып шығаратын қағаз» (晒 «құрғату», 图 «сурет», 紙 «қағаз»). Жаңа лексиканың көп бөлігі жұрнақтар, жарты бөлікті жұрнақтар және префикстер арқылы жасалады.

Жұрнақтармен жасалған үлгілер: 性 жұрнағы зат есім тудырушы жұрнақ болып табылады, қазақ тілінің –лік, -лық, -дік, -дық жұрнағына сай келеді. 一次性 – бірреттілік; 可评性 – қолжетімділік; 慢性 – бәсеңділік. 者 жұрнағы: 旁观者 – сырттан бақылаушы, тыстан бақылаушы. Жарты бөлікті жұрнақтармен жасалған үлгілер: 热 жарты бөлікті жұрнағы «бум, жандану, құмарлық» деген мағынада қолданылады. Осы үлгі негізінде қандай да болмасын шара, оқиға айналасындағы жандануды білдіреді: 乒乓热 - пинг-понг бум; 中国 热 - қытайлық бум; 珍珠 热 – маржандық бум. 城 жарты бөлікті жұрнағы «орын, қалашық, дүкендер кешені» деген мағынаға ие: 鞋 城 – сөзбе-сөз «аяқ-киім қалашығы» (аяқ-киім сататын мекен); 美食 城 – дәмді тамақтар пісірілетін мекен.[5,204]

Префикстермен (сөз алды қосымшасымен) жасалған үлгілер: 半 префиксі сандық сипатты білдіретін сөздерді құрайды: 半成品 - жартылай дайын өнім; 半 休 – жартылай демалатын (жарты күн жұмыс жасайтын адам туралы). 小 префиксі: 小 皇帝 – кішкентай император (отбасыдағы жалғыз бала туралы, әдетте көңіл мен жылулықтың ортасында өскен бала туралы).

Қорытынды

Қытай тілі лексикасының дамуының тұрақты тенденциясы бар, осы тенденцияға әсер ететін жағдай - адам қызметінің әр алуан саласындағы жаңа технологиялардың дамуымен пайда болатын жаңа сөздер (неологизмдер) мен басқа шет тілдерден енген кірме сөздермен толуы. Неологизмдер тілді дамытып, оны байытады. Жаңа сөздер сөзжасам арқылы, кірме

сөздер арқылы немесе қолданыста бар сөздердің мағыналарын қайта қарау негізінде пайда болады. Неологизмдерді жасауда әдетте сөзжасам, аффиксация және лексико-семантикалық әдістер пайдаланылады. Ал, басқа шет тілдерінен енген кірме сөздерге келсек, жаңа сөз жасаудағы ең кең тараған әдісі фонетикалық әдіс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Розенталь Д.Э Современный русский язык: монография// Д.Э. Розенталь, И.Б. Голуб, М.А. Теленкова. М.: Айрис-Пресс, 2002. - 220 с.
2. Горелов В.И. Стилистика китайского языка: монография / В.И. Горелов. - М.: Наука, 1973. - 18 с.
3. Розенталь Д.Э Современный русский язык: монография// Д.Э. Розенталь, И.Б. Голуб, М.А. Теленкова. М.: Айрис-Пресс, 2002. - 234 с.
4. 汉语字母词典/刘涌泉编著. – 北京: 外语教学与研究出版社, 2008.
5. 汉语新词词典: 2005–2010 / 王均熙编著. – 上海: 学林出版社, 2011.

УДК 316.346.2. – 05 (510)

ПОЛОЖЕНИЕ ЖЕНЩИНЫ В ТРАДИЦИОННОМ КИТАЕ

Каймульдина Эльвина

elvina_kai123@mail.ru

студентка 1 курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» ЕНУ

им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель: Аксёнова И.Н.

Еще Гомер ценил женщину наравне с мужчиной. Он описывает ее с величайшей проникновенностью. Он создает женские незабываемые образы, нет ничего лучше, говорит Гомер, чем когда муж и жена согласно живут в своем доме, ближним на радость, на счастье себе. Но, безусловно, Гомер не был знаком с китайской традицией построения семьи и положения женщин в традиционном китайском обществе

Положение женщины в традиционном Китае не было столь почтительным. Конфуцианский культ предков и нормы «Сяо» (孝[xiào] - сыновья почтительность) способствовали расцвету культа семьи и клана в Китае. Семья считалась сердцевинкой общества, интересам семьи придавалось гораздо больше значения, чем отдельной личности, которая рассматривалась лишь в аспекте семьи, сквозь призму ее вечных ценностей (от отдаленных предков к отдаленным потомкам). Перед каждым китайцем стоял долг соблюдения интересов семьи, т.е. рождение детей. Рождение детей на благо родителей считалось основной целью брачной жизни и, как думали верующие, обеспечивало старшему поколению загробный покой. Но не все дети могли впоследствии служить своим усопшим родителям. Усопшему отцу может приносить жертвы старший сын, деду – старший внук по прямой линии. Девочка, когда придет время, станет невестой и уйдет в чужое семейство, поэтому она не сможет приносить жертвы усопшим родителям. Выданная замуж дочь – то же, что вылитая вода, т.е. совершенно бесполезный для семьи человек. В традиционной китайской семье было принято, что дочь носила фамилию матери, и лишь сын наследовал фамилию отца. Большим событием в жизни каждой китайской семьи считалось рождение сына. Иметь сына считалось целью брака и большим счастьем для семьи. Это нашло отражение и в поговорках: «Вырастишь сына – обеспечишь старость, соберешь зерно – предотвратишь голод»; «И сына, и поле надо иметь свое»; «Лучшие сыновья в мире – свои собственные». Надеясь родить сына, женщины совершали различные обряды. Родители-бедняки нередко умерщвляли своих дочек, так как не могли содержать лишний рот, девочек могли продать богатому хозяину в наложницы.